

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Куралай» жекеменшік балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балдаурен				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сергазина Нургұль				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	21.11-25.11.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызыуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу. Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру, ата-аналарды мазалап жүрген				

әңгімелесу, кеңес беру	сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға сүмен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: женді түру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сүмен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдептерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді сақтауды үйрету: женді түру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сүмен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдептерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалауды, табиғат мүйісін мекендеушілерге қамқорлық көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, ас ішу құралдарын (қасық, шанышқы, пышақ) қойып шығу іскерліктерін жетілдіру.
	"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сейлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету,	Саусақ жаттығуы. "Қолғап" Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен	"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы:	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін	"Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы

	<p>зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары- бері қозғау) (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық онынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Женғен балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді булу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p>	<p>орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. Бастапқы қалып. 				

	<p>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстай, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)</p>					
Таңғы ас	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстай, сорпаны төкпеу, нанды ұғітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш,</p> <p>Сораптамай, баппен іш.</p> <p>Келген асты алдыңа</p> <p>Тауысып іш, қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<table border="1"> <tr> <td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне</td><td>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын</td><td>"Тапсырманы орында" дидақтикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.</td></tr> </table>	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын	"Тапсырманы орында" дидақтикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.
Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын	"Тапсырманы орында" дидақтикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.		

	<p>мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Көк аспанда күн күлсін</p> <p>Бірге күлсін бүлдіршін.</p> <p>Көк аспанда күн күлсін</p> <p>Жерге ұдайы нұр қүйсын.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күн нұрындаі көңілім,</p> <p>Даламдай кен пейілім.</p> <p>Жүрегім толы мейірім,</p> <p>Бәріне ортақ шуағым,</p> <p>Қайырымды боламын.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.</p> <p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол қимылын</p> <p>сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын</p> <p>балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)</p>	(сөйлеуді дамыту)
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Бауырсақ әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын тәмен түсірмей, шалынып</p>	<p>Дене шынықтыру "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру;</p>	<p>Музыка "Бауырсақтың әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың бесік жырының нәзік әуенін ықыласпен</p>	<p>Дене шынықтыру "Жылан тәрізді болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын тәмен</p>	<p>Қазақ тілі "Орманда нелер мекендейді?" "Жабай аңдар". Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың</p>

	<p>кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету.</p> <p>"Кім жылдам жүгіреді?"</p> <p>қимылды ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тұзу жолдың бойымен еркін жүгіруді үйрету.</p>	<p>сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру.</p> <p>"Бауырсақ пен тұлқі" қимылды ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап, бірлесіп ойын ойнауды үйрету.</p>	<p>қызығушылықпен тыңдау қабілетін дамыту; әнді айтқанда оны эмоционалды қабылдай білуді үйрету; музика әуенімен бірге би элементтерін үйлесімді орындауды үйрету; ырғактық қымылдарды музыкамен сәйкестендіре білуге жаттықтыру.</p> <p>"Бауырсақ" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің түрін, қылышын, дауысын, қоянның құлағын қалай қайшылайтынын, қалай жүретінін, қалай секіретінін, қалай дыбыс шығаратынын және сәбізді қалай жейтінін балалар</p>	<p>түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту.</p> <p>"Жылан тәрізді болайық" қимылды ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сылдырмаққа дейін еңбектеп баруды үйрету.</p>	<p>атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқияттыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету.</p> <p>"Қай аң жасырынған?"</p> <p>дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жабайы аңдардың дene мүшелерін (бөліктерін) танып, дұрыс атайды білуді, қай дene мүшесі, қандай аңға тиесілі екенін ажыратуды үйрету.</p>
--	--	---	---	---	--

			көрсетуге дағдыландыру.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.	Қарға мен сауықсанды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысканның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.	Ауа райы жағдайын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үррету.	Мысықты бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелу.	Жүргіншілерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы үқастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Б. Соқпақбаев "Мысық".

	<p>Көркем сөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өнірді Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жаңына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру. Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын анғарады. Жасыл тұс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс.</p> <p>Еңбек әрекеті:</p>	<p>байқайды. Еңбек әрекеті: кураган жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, үқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дene шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машиқтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнеказбаларды</p>	<p>қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрың, қарасың, Қайда қалқып барасын? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсөн, нөсерлет! Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды қопсыту. Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жабдықтары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар.</p>	<p>Үстінде үйдін Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биқтен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне тастау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға</p>	<p>қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шашашандыққа, зеректікке, кеністікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу</p>
--	---	---	---	---	--

	жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге	алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ үштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың үшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, үмтүлышп, (бір қолды сол жақта төменинен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, үмтүлышп. (екінші қолды оң жақта төменинен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтакқа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды үшаққа. (аяқтың	"Біздің бақта құстар ұшады" жаттығуы. (дene шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың үшүп-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың үшнина тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Біздің бақта құстар ұшады. (құстың үшқанына еліктеу,	бейімдеу; зеректікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машиқтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысуышылар шенбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шенбер сыртында бір-бірінен назар аударады алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шенбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз	мүмкін) руль; "торғайларға" таңбауыштар. "Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай тұзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сзыық). Бұдан кейін балаларға, сзықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұснады. Балалар бірінің
--	--	--	--	--	---

	машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозгалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, оыйнға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар	ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) (Д. Ахметова) "Қарақұс пен балапандар" қымыл-қозгалыс оыйны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай жылдам жүгіргүте дағдыландыру; шапшандыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төмennен жоғары бірқалыпты көтеру) Онға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды он жақта төмennен жоғары бірқалыпты көтеру) Бірсесе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру) Бірсесе ұшаққа ұқсан көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан- жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)	момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе бассалады! Тышқанды кім құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысуышы балалар өте зерек булу керек, бірсесе қолдарды көтеріп, бірсесе түсіріп,	артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды участеде өткізген жақсы. Балалардың бір- бірімен соқтығып қалмау үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру әдісі. Еңбек әрекеті: қолөнер сабактарына табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін
--	--	---	--	---	--

	<p>қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.</p> <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді.</p> <p>Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p> <p>"Бояушы" балалар тандамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айттып,</p>	<p>шыққан материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мен күрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.</p>	<p>қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.</p> <p>"Шұңқырдан аттап секіріп от"</p> <p>қымылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен күрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p>	<p>"тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады.</p> <p>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>"Қапшықты кім алысқа лактырады?"</p> <p>қымылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лактыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Еркін ойындар:</p> <p>шығарылған материалдармен ойындар, қымыл-қозғалысты дамыту, секірмежіптен секіру.</p>	<p>оыйны.</p>
--	--	--	--	--	----------------------

	<p>балаларды сол темпке бейімдеуге болады.</p> <p>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қымыл- қозғалысты дамыту, көністікті бағдарлауды, тепе- тендікті сақтауды жетілдіру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландагы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.</p>			
Серуенниен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машиқтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>			

Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үййіншіліктерін жаңайтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі".	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қысқы қолғап". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолғап	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мақтаншақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды	Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Фажайып бөлме өсімдіктері".

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен он жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту.	драматизациялау). Мақсат-міндеттері. Балаларға «Бауырсақ» ертеңінің желісін пысықтау. Ертеңі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертеңі желісін драматизациялау тәртібін үйрету.	пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруді үйрету; пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету.	«Мақтаншақ қоян» ертеңінің мазмұнымен таныстыру және ертеңі кейіпкерлерінің сөздерін мұқияттыңдаі отырып, қайталап айтуды үйрету.	Мақсат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; үйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауптарын тыңдауды және гүлдерді аялауды, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.
	Вариативті компонент/Шығармашылық Тасбақа «Тасбақа» туралы ертеңі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтар	"Бауырсақтың жолы". Мақсат-міндеттері. Ертеңі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шықкан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды	Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Мақсат-міндеттері. Ертеңі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шықкан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды	көреміз (бір қолмен екіншінің сипау), Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Кіп алсақ, жарап түр (алақандармен арыбері қозғау).	Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, жылдам тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

	<p>ын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертеғі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың қасынан өтеді. Қолдарыңа</p>	<p>жүгіреді?" қимылды ойыны.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сзызықта тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дene</p>	<p>- Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл күйін өңтаңбамен (смайліктер) көрсетемін, соларға (смайліктер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдерші? Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл күйін білдіретін өңтаңбаны (смайліктер) жайып береді. Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарап отырып, жылдам тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама</p>	<p>Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсындар. - Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). - Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. - Гүл бір құлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші құлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі құлтесі ашылды (екі қолдарын төмennен</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңдан екінші аңға дейін жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейінгі сызықты үзбей жүргізіп отырады. (тәнімдыш дағдылар)</p> <p>Жапсырудан ойын- жаттығу "Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдыш жұмыс). Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кеекінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруды үйрету; кеекіндердің пішінін,</p>	<p>шынықтыру)</p>	<p>береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалаштыштар үlestіріледі.</p>	<p>жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. - Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.</p>
--	--	--------------------------	---	---

	<p>түсі мен көлемін ескере отырып, ою- өрнектерді орналастыру принциптері жөнінде ұғымдар негізін қалау; "Мақтаншақ қоян" ертеңінің мазмұнын пысықтау. Саусақ жаттығуы. Қоян құлағын түріп (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату), Аңнан қашып жүреді (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату). Қашып шықса жүгіріп (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау),</p>		
--	--	--	--

		Аяқтарымен соғады (саусақтарды үстел басына тықылдату). (сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	"Бауырсақ" ертегісін желісін драматизациялау. Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Балалар билетін санамақтарды қайталау.	"Құырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Құыр-құыр құырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға	"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиын". "Аңдып тұрған жау жоқ па?!"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ая бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындалап, Жағын, тынбас

				<p>бар! Сен түр – құлыншаққа бар! Сен түр – лаққа бар! Сен түр – бұзауқанға бар! Сен түр – ботаңа бар! Ал сен аландамай, Қазан түбін жалап, үйде жат.</p>	<p>бақылдаپ. Ауырмай ма таңдайын, Күні бойы тақылдаپ?! (көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Бағдарлау. Ойын алаңына экспурсияны жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау</p> <p>барысына басынан</p> <p>аяғына дейін зейін</p> <p>салып қатысуға</p> <p>бейімдеу;</p>	<p>Қарға мен сауыққанды бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қарға мен</p> <p>сауыққаның</p> <p>айырмашылықтарын</p> <p>айтуды үрету;</p> <p>құстар әлемі жайлы</p>	<p>Ауа райы жағдайын бақылау. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи</p> <p>құбылысы туралы</p> <p>түсініктерін</p> <p>қалыптастыру;</p> <p>мезгілдік</p> <p>құбылыстарды</p> <p>бақылауға, сол</p>	<p>Мысықты бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй</p> <p>жануарлары, мысық</p> <p>жайлы білімдерін</p> <p>нақтылау, сипаттау</p> <p>мәтінін құрастыруды</p> <p>үрету; есте сақтау</p>	<p>Жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде</p> <p>жүрген</p> <p>жүргіншілерді</p> <p>бақылату; ересек</p> <p>адамдар мен</p> <p>балалардың</p>

	дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркем сөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өнірді Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді	түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысканның дыбыстарын тыңдала- сыртқы пішініне карап, өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: кураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Біздің бақта құстар ұшады" жаттығуы. (dene шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үрету;	құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үрету. "Бұлтқа" фонемо- ырғакты жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Жерге нөсер төгемін, Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлесен, нөсерледі! Еңбек әрекеті: Еңбек әрекеті:	қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан- жануарларды тануға қызығушылықты арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинау, қоқыс жәшегене тастай.	арасындағы ұқастығын және айырмашылықтарын анықтауга мүмкіндік жасау. "Көлік пен торғайлар" қымылды ойыны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктеі білуге бейімдеу; шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" рөлінде болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп
--	--	--	--	---	--

	қарастыру. Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл тұс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Еңбек әрекеті: жолдарды сыйыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректер мен аңшылар" қымыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Үйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қымыл- қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы	құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып- қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төмennен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта	Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жабдықтары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар. "Біздің бақта құстар ұшады" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың қымылдарына еліктеуді үрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып- қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.	Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қымыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машиқтандыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысуышлар шенбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға	ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген белгісінен кейін балалар орындарына "ұяларына" жүгіріп бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар. "Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды "жіңішке" жолмен, тепе- тендікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші өзіне балаларды
--	---	--	---	--	--

	нысанға тигізуге жаттықтыру, көрү қабілеттерін дамыту. "Бояулар" қымыл-қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машиқтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозгалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы тандайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Эр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге	төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру) Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды (Д. Ахметова) "Қарақұс пен балапандар" қымыл-қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартындағы белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шашшандыққа, ептілікке, үйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды (Д. Ахметова) "Қарақұс пен балапандар" қымыл-қозгалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартындағы белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шашшандыққа, ептілікке, үйымшылдыққа тәрбиелеу.	болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - ұстап алады! Онға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру) Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары	шақырады, суретті көрсетіп, жолдың қандай тұзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30 см екі қатар сзызық). Бұдан кейін балаларға сзызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсинады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытта жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды участкеде өткізген жақсы. Балалардың бір-біріне соқтығып қалмауы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып
--	---	---	---	---	--

	<p>айтпай тандайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.</p> <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды куалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу"</p>	<p>ойын-жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.</p>	<p>бірқалыпты көтеру) (Д. Ахметова) " Тауық пен тұлқі" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай, жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.</p> <p>"Шұңқырдан секіріп ет" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш- жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" куаласпағын реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>"Қапты алысқа кім лақтырады?" қимылды ойын- жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етулерін дамыту, он және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді,</p>	<p>жүру әдісі.</p> <p>Еңбек әрекеті: қолөнер сабактарына табиғи материалдарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>
--	---	--	--	---	---

<p>ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар тандамаған түсті айтса, өзге түсті қалауга мәжбүр болады.</p> <p>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады.</p> <p>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қымыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлауды, тепе-тендікті сақтауды жетілдіру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</p>	<p>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және күрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін дамыту.</p>	<p>түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қымыл-қозғалысты дамыту, секірмежіптен секіру.</p>	
--	---	--	--

	Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және күрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.				
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: откен тақырыптар бойынша суреттерді қарau, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертенгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін бояу, ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Әке мен атаниң бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әнгімелесу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру.	Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсөн, үшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әнгімелесу.	"Сіздің балаңыз" тақырыбында әнгімелесу.	Балалар салған суреттеріден көрме үйымдастыру.

Тексерген:Оразгалиева Г.Б.

A handwritten signature in blue ink, appearing to read "Галия Берикжановна Оразгалиева".